

Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін Ақсукеңт ауыл округіне жер телімін беру және елді мекеннің шегін өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық мәслихат сессиясының 2008 жылғы 30 маусымдағы N 8-104/IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 6 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 30 шілдеде N 14-10-96 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 23-1-бабының 1-тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ**, аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Т І :**

1. Ақсукеңт ауыл округі аумағынан жалпы көлемі 278,0 гектар жер телімі алынып, Ақсукеңт ауылының шегіне енгізілсін.

2. Жалпы көлемі 278,0 гектар жер телімі қосылып, Ақсукеңт ауылының шегі өзгертіліп, осы елді мекенді дамыту және салу схемасы (оңайлатылған бас жоспары) бекітілсін.

3. Осы бірлескен шешім және қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы
Аудан әкімі

М. Әлі

Б. Нысанов
Т. Тулендиев